

**3**

**БАҚЫТТЫ ОТАҒАСЫ**



**3**

**ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ- ОТБАСЫНДА**



**5**

**ДАРЫН 2017**


**ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ**

# Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

**e-mail:** a.yassaui@mail.ru

**№4 (431) 1 НАУРЫЗ 2017 ЖЫЛ**







## ҚЫМБАТТЫ ҰСТАЗ-АНАЛАР, АЯУЛЫ ДА АСЫЛ ЖАНДАР!

Сіздерді 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Халықаралық университетіміздің іргесінің бекем болуына, жан-жақты дамуына асыл ана-апайларымыздың, ардақты қарындастарымыздың, апа-әпкелеріміздің өлшеусіз үлес қосқандығы, белсенді іскерлік танытқаны ақиқат.

Әйел – әлемнің жарығы! Сіздер, қоғамдық-саяси және экономикалық дамуға үлес қосушы әлеуетті күшсіздер! Статистика бойынша, оқу ордамызда қызмет атқаратын ОПҚ, қызметкерлердің тең жартысынан астамы әйелдердің үлесіне тиеді екен.

Барша нәзік жандылар оқу ордамыздың қарқынды дамуына сүбелі үлестерін қосып келеді. Сондай-ақ, әр шаңырақтың гүлі іспеттес 3 мыңнан аса студент қыздарымыз оқиды.

Қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекет өміріндегі саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Елімізде әйел ананың әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз берілген.

Елбасымыздың: «Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман әлемінде әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты ерекше қадірлейтін халықтың бірі де, бірегейі де - біздің қазақ. Қазақ қыздары мен аналары өз жүрегінің от-жалынымен, мейірім шапағатымен қазақ халқының ұлттық сезім-түйсігін, мәдени-рухани біртұтастығын елеусіз ғана шыңдап отырған»,- деп айтқандай, әйел-аналардың қадір-қасиетін құрметтеп отыру, қамқорлық таныту төл парызымыз.

Қымбатты ханымдар! Ұлағатты ұстаздар, аяулы нәзік жанды әріптестер! Сіздер әлемді гүлдендіріп, мейірім шуағына бөлеп, оқу ордамызға көрік беріп келесіздер!

Білімді ұрпақ тәрбиелеп, қызу жұмыстың бел ортасында жүрген еңбекқор жансыздар! Сіздердің қажырлы еңбектеріңізді жоғары бағалаймыз. Еңбек жолдарыңызда толағай табыстарға жетіп, биіктерден көрінулеріңізге шын жүректен тілектеспін! Сіздердің қуаныштарыңыз жүректерді жылытады. Жүздеріңізден күлкі кетпесін, мейірім шуағына бөлене беріңіздер.

Сіздерге және отбасыларыңызға әрқашан сәттіліктер, жақсылықтар тілеймін! Шаңырақтарыңызға құт-береке, шаттық, амандық, бақыт, дендеріңізге саулық тілеймін! Өмірдегі әйел жаққан шырақ сөнбесін!

**Уәлихан ӘБДІБЕКОВ,**
**университет президенті, профессор**













## ЯСАУИ МҰРАСЫН САҚТАУ - ҰРПАҚҚА АМАНАТ

**Түркология ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен кезекті семинар өтті. «Бүгінгі түркология: өзекті мәселелері мен міндеттері» тақырыбы аясында ұйымдастырылған семинарда тарих ғылымдарының докторы М.Қожа «Ахмет Ясауи кесенесін зерттеу мен сақтау мәселелері» атты баяндама жасады. Аталған алқалы жиынға университетіміздің ғылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президенті Т.Раимбердиев, университет президентінің бас кеңесшісі Қ.Ергөбек, археология ҒЗИ директоры К. Жетібаев, Ахмет Ясауи ҒЗО директоры С.Абжалов, доцент З. Жандарбек, профессор Х.Тұрсын, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қорғау қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ж. Алимов, Түркология ҒЗИ директоры С. Дағыстан, институт қызметкерлері, университетіміздің оқытушы-профессорлары, докторанттар мен магистранттар және студенттер қатысты.**

Семинар барысында тақырыпқа қызығушылық танытып келген тыңдаушыларды өзінің тың еңбектерімен қызықтырған Мұхтар Қожа баяндамасында мұрағат материалдарына сүйене отырып алдымен Ахмет Ясауи кесенесінің тарихы жайында әңгіме қозғады. Арнайы дайындалған презентация арқылы кесене жайында жүргізілген ғылыми зерттеулер мен қайта жаңғырту жұмыстарының нәтижелеріне тоқталды. Мәдени мұралардың қорғалуында атқарылып жатқан еңбектерге шолу жасап, ғылыми орталықтардың қосқан үлесін атап өтті. Баяндама соңында түркі әлемінің құнды жәдігері-Ахмет Ясауи кесенесінің бүгінгі жайын толғанысын тілге тиек етті. Семинарды ынтамен тыңдаған қатысушылар тақырыпқа қатысты сұрақтары мен ұсыныстарын білдірді. Осы орайда Ахмет Ясауи кесенесінің қайта жаңғыртылуы мен зерделенуі жайындағы ойларымен бөліскен университетіміздің ғылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президенті профессор Т. Раимбердиев баяндамашыға университет басшылығы атынан алғыс хат табыс етіп, институт тарапынан жарияланған кітаптарды сыйға тартты. Сонымен қатар тақырыпқа қатысты толғаныстар Қ. Ергөбек, З. Жандарбек сынды ғалымдардың ұлағатты сөздерінде жалғасын тапты. Көп жылдар бойы Ахмет Ясауи кесенесінде қызмет атқарған Ж. Алимов те өзінің ойларымен бөлісті. Конференция соңында сөз алған түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры Сердар Дағыстан ғылыми семинарға келген тыңдаушы қауымға шексіз алғысын білдірді. Семинардың соңында баяндамашымен бірге естелік суретке түскен ғалымдар мен тыңдаушылар кітапхана ұжымы тарапынан тақырып бойынша арнайы әзірленген кітап көрмесімен танысты.

**Ерлан ЖИЕНБАЕВ,**
**Түркология ҒЗИ-ның аға ғылыми қызметкері**

## ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

**Мәдениет орталығының кіші залында Филология факультетінің ұйымдастыруымен ҚР Білім және ғылым министрлігі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қазақ тіл білімі мен оқу ағарту саласына еңбегі сіңген ұлағатты ұстаз, ғалым, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Сайрамбаевтың туғанына 80 жыл толуына арналған «Жаһандық бәсекелестік жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция болып өтті.**

# ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Конференцияға ғалымның шәкірттері, еліміздің жоғары оқу орындарынан келген қонақтар, тіл мамандары, оқытушы-профессорлар құрамы, факультет студенттері қатысты.

Ғылыми конференция модераторы университет президентінің бас кеңесшісі, профессор Қ.Ергөбек жиынды ашып беру үшін сөзді университет вице-президенті Т.Раимбердиевке берді: «Құрметті қонақтар, әріптестер, қасиетті Түркістан қаласына хош келіпсіздер! Бүгінгі конференцияның ерекшелігі, профессор Т.Сайрамбаев ағамыз өзіміздің оңтүстік өңірдің тумасы. Қаншама жылдар ғылым қуып сыртта жүргенмен туған елін, жерін ұмытпаған азамат. Көптеген ғылым докторлары мен, ғылым кандидаттарын шығарған. Солардың біразы осы біздің университетімізде еңбек етеді. Бүгінгі халықаралық деңгейдегі конференцияны ұйымдастыру үшін менің алдыма келіп, идея тастаған да солар. Әрине, университет басшылығы қай уақытта да осындай берері көп игі бастамаларды қолдап отырады. Конференция жұмысына сәттілік тілеймін».

Келесі сөзді ғалымның жұбайы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ғалым-педагог К.Шаймерденова алды. Ғалым ағамыздың арманы көп болғанын, көп нәрсеге үлгермей қалғанын, соның өзінде 39 ғылым кандидатын, 4 ғылым докторын шығарғанын айтты. Ол кісінің бойындағы бір қасиеті тұрақтылығы екенін, нәтижесінде өмір бойы қазақ тілінің қиында, күрделі саласы-синтаксистің маңайынан шықпағанын сөз етті. Жүрген жерінде, адамдармен сөйлескенде үнемі мысал іздеп, оны тез жазып алып жүретін қасиеті болғанын, асыл мұрат жолында аянбаған азамат, іргелі ғалым, адал жар, зор адамгершілік иесі екенін мысалдар келтіре отырып айтты.

А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, профессор Ә.Жүнісбек: «Адамға оқып жүргенде ұнамайтын сабақтар болады. Маған ең ұнамайтыны синтаксис еді. Сөйлем талдаудан әлі күнге дейін қателесемін. Үнді-Европа жұртының өзіне тән белгісі бар, ол әуен-тон. Түркі жұртынан келе жатқан белгі бар. Ол-үндесім. Кез-келген сөздік екпінді дәлелдеу үшін біз осыған сүйенеміз»,- деп фонетист ғалым сөз прosoдикасының шешімі синтаксисте жатқанына тоқталды.

Ғалымның алғашқы шәкірттерінің бірі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетінен келген профессор Ж.Садуақасұлы: «Талғат ағам ең алғаш Қызылордадағы Н.В.Гоголь атындағы институтта оқытушылықтан бастаған.Сол кезден ол кісімен таныспыз. Таныстығымызға 50 жыл болыпты. Бізді ол кезде ауыл шаруашылық жұмыстарына, күріш оруға Талғат ағай апарған. Ол кісі сабақты бар ықыласымен түсіндіретін, соңында бор-бор болып шығатын. Сондықтан студенттер ағайдың әрбір сабағын ықыласымызбен тыңдайтынбыз. Менің кандидаттық, докторлық диссертацияма ағалық қамқорлығын көп көрсетті. Сондықтан жүрегімде «Сардары синтаксистің Сайрамбаев болып сақталады» -деп, ғалымға қатысты көптеген жақсы әңгімелер айтты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры А.Салқынбай, Т.Сайрамбаевтың сөз тіркесінің басынан бақайшағына дейін дәріптеп көрсеткен ғылымдағы тұрақтылық, тек ғалымға тән қасиет екендігін жеткізді. Өкінішке орай, ғылымда сілтеме жасаудың кең етек алып бара жатқандығын, сонау Сталин заманында жазылған ғылыми еңбектердің еш өзгеріссіз келе жатқандығы, сондай олқылықтардың нәтижесінде кейбір оқу орындарында жанасу мен қабысуды шатастырып жататыны, ғалым ағамыздың сілтемеге адалдығы туралы айтты.

Павлодар Мемлекеттік Педагогикалық институты профессор Б.Сағындықұлы: «Сіз өзіңіз сардар болуға жарасаңыз, біз сарбаз болуға жараймыз»,- дегендей,туған жерінің ғана емес, елінің ғылымын өркендетіп, халқына қалтқысыз қызмет еткен осынау Талғат ағамыз біздің ғылымдағы сардарымыз, рухани әкеміз! Кешегі желтоқсанның салқыны кімдерге тимеген? Сайрамбаевтың тағдырында да ауыр із қалдырған. Сол жылдары профессорлықтан оқытушылыққа дейін төмендетілген ағамыз сындарлы кезеңдерде де сыр бермеген. Негізі, ғылымдағы үлкен ағаларымыздың библиографиясындағы жылдарды дұрыстап, қайта қарау керек. Себебі соның арасында біраз құпия жатқан сияқты. Өмірінің соңына дейін қаншама шәкіртті ғылымның даңғыл жолына түсірген ағамыздың қадіріне жете алдық па, аға артқан арда жүкті арқалай алып жүрміз бе, атына көше, мектеп берілсе болмас па еді»-деген сағыныштан туған ойлары мен ұсыныстарын ортаға салды.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Ж.Дәулетбекова: «Әдіскер-өнермен тектес сала маманы. Хас шебер-өнер тектес мамандыққа айтылатын теңеу. Сабаққа келіп, көзі жәутеңдеп отырған шәкірттерге бойындағы бар білімін, жетік меңгерілген әдіс-тәсілдері арқылы жеткізу, нағыз әдіскер ұстаздың ғана қолынан келеді. Мұғалім ең алдымен саңқылдап, анық сөйлеу керек. Ойы күңгірттің сөзі де күңгірт. Шын мәнінде кез-келген мұғалім өз мамандығының шебері болуы үшін табиғи дарыны, биік жауапкершілігі болуы керек. Жақсы ұстаз болу үшін 7 (кәсіби-интеллектуалдық, танымдық, мәдени, ақпараттық, коммуникативті, шеберлік, әмбебаптық сияқты) құзіреттіліктерді меңгеру керек болса, ғалым Т.Сайрамбаевтың бойынан осының бәрі де табылған, нағыз әдіскер-педагог, қазақ тілін оқыту әдістемесінің хас шебері болған. Құрметті студенттер, ұстазымыз Т.Сайрамбаев еңбектерін оқыңыздар, оқи отырып, ғалымның небір ғылыми жаңалықтарымен, ғылыми этикасымен танысасыздар»,-деді.

Ұстаздың шәкірті, профессор Б.Елікбаев осындай ғалымға Түркістаннан, өз ауылы Жиенқұмдағы мектепке аты берілсе деген ұсыныстары ескеріліп, осы конференцияда шешім қабылданса деген ойларын ортаға салды.

Конференцияға қатысып отырған кейбір оқытушылар шығып ойларын, ұсыныстарын ортаға салды. Ұйымдастырушыларға, факультетке, әсіресе осы идеяның авторлары, ұлық ұстаздың шәкірттері, синтаксис мамандары Б.Елікбаевқа, Н.Қошановаға, Г.Жылқыбайға алғыс сезімдерін білдірді.

Конференция жақсы ұйымдастырылып, шынайы өткендігі жайында университеттің ғылым жөніндегі басшысы профессор Т.Раимбердиев қорытындылады.

Конференция жүргізушісі профессор Қ.Ергөбек ретті жерін зілсіз әзілге жеңдіріп, Т.Сайрамбаевтың ғалымдығы, адами қасиеттері жөнінде айтылмаған тың пікірлермен толықтырып отырды.

**Б. ОСПАНОВА.**
Фото Н. Искаковтікі

---

Гүлжамал ЖОРАЕВА:

# «Жамалым» - маған арналған ән еді...

**Сымбаты мен сәні келіскен әдемі келіншекті алғаш көргенде сұлулығына таң қалмау мүмкін емес. Сабақ кестесінен тиісті аудиторияны іздеген оқытушының тарих ғылымдарының кандидаты, бәрінен де бұрын айтыстың ақтаңгері Бекарыс Шойбековтың жары Гүлжамал ЖОРАЕВА екенін білдім. Кездескен кезде күлім қағып, ешкімді жатсынбайтын, студенттердің барлығын да баласындай көретін жайсаң мінез иесі Гүлжамал апаймен мереке қарсаңында сұхбаттасуға асықтық.**

**Студенттерге өз ісінің білгір маманы әрі білікті ұстаз ретінде танылған Гүлжамал Төлегенқызы жанұясында қандай жан екен?**

Отбасы - Алла сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуде отбасы - алғашқы қадам. Отбасында сүйікті жар, қымбатты анамын. Әке мен ананың және ауылдың тәрбиесін көріп өстім. Үлкенге құрмет, кішіге ізет етуді әуелден ауылдан бойға сіңірдім.

Отбасы - өте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ. «Отбасы шағын мемлекет» демекші, айрандай ұйыған, тату-тәтті, бірлікте өмір сүріп жүрген қарапайым қазақ отбасыларының біріміз. Осы қасиетті шаңырақта Алла берген ұл-қыздарымызды тәрбиелеудеміз. Балаларымыздың қажеттілігін толық қанағаттандырып, адал болуға баулып, жақсылықты үйрену арқылы жамандықтан жиренуге, жастайынан асыл қасиеттерді бойына жинақтауға қалыптастырудамыз. Отбасының керек-жарағын түгелдеу, бала тәрбиесіне көңіл бөліп, жағдайын жасау ең негізгі ата-аналық парызымыз.

Қара шаңырағымыздың ақылшысы, арқа сүйер ер азаматым, халық қамқоршысы Бекеңнің (Бекарыс Шойбековтың - ред.) жағдайын жасап, отбасымның түтінін түзу түтетіп отырған қарапайым қазақ әйелімін. Өмірде қызмет пен жанұямның тұрмыс-тіршілігін қатар алып жүрген жанмын.

**Белгілі айтыскер ақын, Түркістан қаласының бас педагогы Бекарыс Шойбековтың жары екеніңізді білеміз. Жалпы ақынның қас-қабағын бағу, көңілін табу оңай емес. Осы тұрғыда не айтасыз?**

Иә, оныңыз рас. Бекең екеуміз бір шаңырақ астында 1999 жылдан бері тату-тәтті үлгілі отбасы ретінде өмір сүрудеміз. Шаңырақ көтерген үйлену тойымызда Бекарыстың ұстазы Қаныбек Сарыбаевтың жұбайы Ұғылан апа: «Балам, елдің назарында, халықтың алдында жүрген ақынның жары болу оңай емес. Бұл дегенің үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өмірдің соқтықпалы, соқпақсыз тұсына төзе білуің керек» - деген астарлы тілегі ойымнан бір сәтке де шыққан емес. Сол сәттен бастап елді аузына қаратқан айтыскер ақынның жұбайы болудың оңай еместігін сезіндім.

Бекең – халықтың, көптің адамы болғандықтан, қашанда оған жылы назар салып, көңілін тауып, қас-қабағына қарап, мезгілсіз мазаламауға тырысамын. Әр нәрсені өзінің орнымен, жүйесін тауып істеп, ойынан шығуға бар күш-жігерімді саламын. Мені өз қызынан кем көрмеген марқұм апам (енем) үнемі өз сөзінде: «Алғаны жақсы жігіттің талабын құдай оңдайды, Алғаны жаман жігіттің ойдағысы болмайды»-дегендей келіннің аяғы құт болсын деп, Алладан тілеуші еді. Сол тілегі қабыл болып, Бекең бірнеше дүркін айтыс өнерінің хас шеберіне айналып, облыстық, республикалық, халықаралық айтыстардың жеңімпазы атанды. Бекең әр айтысқа шыққан сайын үйде бала-шағаммен отырып, тілеуін тілеп, тақымымды қысып отырамын.

**Республикалық айтыстардың жүлдегері азулы ақынға жар болуға жүрексінген жоқсыз ба? Алғаш танысқан сәтіңіз есіңізде ме?**



Танысуымыздың өзі бір қызық. Неге десеңіз, мен тарих-филология факультетінде, ал Бекең шығыстану факультетінде оқитын. Шығыстану факультетінде Гүлмира деген жерлесім әрі құрбым болатын. Сол мені университеттің жаңа жылдық шыршасынан кейін өзінің факультетіндегі кешке бармасыма қоймай алып барды. Сол жерде Бекең асаба қызметінде, кештің шырайын кіргізіп, көркін келтіріп тұрған көңілді азамат болып көрінді. Тосыннан, ойда жоқта Бекеңнің назары маған түсіп, жанындағы достарынан мен жайлы ақпарат сұрастырды. Сұрастыра келіп ХҚТУ де бұрын-соңды мені көрмегенін айтты. Көрмеуінің негізгі себебі: Бекеңнің сабағы таңертеңгі уақытта, ал менің дәрістерім түстен кейінгі ауысымда еді. Сол кеште Бекең маған жанай келіп: «Мені танисыз ба?», «Айтыс көресіз бе?» деген сұрақтардың астына алды. Мен оны танымайтынығымды және айтысқа қызықпайтынымды жеткіздім. Шынымды айтсам, бала-бақша, мектеп табалдырығында, ЖОО-да білімімді орыс тілінде алғандықтан болар, айтысқа қызығып, тамашалаған жан емес едім. Үйде ата-анам теледидардан айтыс тамашалап отырса, мен басқа арнада болып жатқан концерттерді көргім келетін. Содан, айтысқа мүлдем қызықпайтын орыстілді қызды Бекең жан-жүрегімен баурап алып, қазіргі таңда мүмкіндігінше айтыстарды жібермеуге тырысатын, ұлттық өнерді дәріптейтін дәрежеге жеткізді.

**Бекарыс ағамыз студент кезінде сізге арнап «Жамалым» әнін шығарған екен. Сол жайында айта кетсеңіз?**

Жатақхада Бекең Досай Кенжетаймен (қазіргі таңда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің дінтану кафедрасының профессоры, философия және теология ғылымдарының докторы) бір бөлмеде бірге тұратын. Бір күні оларға қонаққа композитор досы Жәкен Омаров келеді. Досай ағаның айтуына қарағанда, Бекеңнің көңіл-күйінің болмауының себебін сұрайды екен. Сол сәтте Бекең: «қарақат көзді бір қызға» өлең шығарып, мәтінін жазып, әнін тауып, ендігі сәтте ғашықтық дертпен көңіл-күйінің болмауын түсіндіреді. Жәкеннің демеуімен, 1996 жылы көктемде «Жамалым» әні туындайды. Соңынан жатақханадағы барлық студенттердің ауызынан осы ән түспейді.

**Сіз қандай студент болдыңыз?**

Ең алғаш 1994 жылы 1-курсқа түстім. Өркен жайған оқу ордамыз бізге қашан да ыстық. Аталған оқу орданы үздік дипломмен тәмамдадым. Одан ары білімімді магистратура, аспирантурада жалғастырдым. 2002 жылдан бері осы университетте қызмет етіп келемін. Қазіргі студенттерге қарап кейде көңілім толмайтын тұстар кездесіп жатады. Көңілімнің толмайтындығы, заман талабына сай техникалық материалдармен жабдықталған төрт қабатты кітапхананы студенттер өз мүмкіндігінше пайдаланбайды. Біз оқыған уақытта тақыр жерден бой көтерген университетіміздің жаңа ғимараттары салынбаған. Қазыбек би, Есімхан алаңындағы ескі оқу корпустарында дәрістеріміз жүргізілетін. Кітап тапшылығына байланысты, кітапханадан шықпай ертеден қара кешке дейін кітаптан бас көтермей оқитынбыз. Сол тұстары бізге дәріс жүргізген ұлағатты ұстаздарымыз (бұл күндері дүниеден өтіп кеткен) Сейдулла Ташенов, Сейтқали Мадуани, Зияддин Исабеков, Тәуекел Дәуірбаевалардан көп нәрсе үйрендік.Әбдіуаһап Қара, Ақмарал Сандыбаева, Эльмира Әлжановалар мамандықтың қыры мен сырына баулып, бәсекеге қабілетті шәкірттерге тәлім-тәрбие берді. Кітапханашы Күміс апайды «жүретін энциклопедия» дейтінбіз. Себебі, қандай кітапты іздеп барсақ та, қай бөлімде, нешінші қатарда тұрғанын дөп басып, дәл айта қоятын. Ал тобымыз ИР-14 өте ұйымшыл, бір ананың баласындай бауырмашыл, мұғалімдердің өзі кіруге сескенетін өте алғыр топ болатын. Сол кездегі группаластарымның барлығы қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті көшбасшы атанды. Мысалы Айдос Абпазов - Түркістан гуманитарлық-техникалық колледж директоры; Алёна Балтабаева - Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің ғылым бөлімінде департамент директоры; Жарқын Омаров - Жусалы ауылында мектеп директоры т.б.

**«Ясауи университеті» газетінің оқырмандарына айтар тілегіңіз.**

Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Егемен еліміздің ертеңі – білімді жастарымыз көбейе берсін! Қымбатты, ақжаулықты аналар, қыз-келіншектер, шәкірттер! Сіздерді көктемнің алғашқы мейрамы 8-наурыз Халықаралық қыз-келіншектер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге шығармашылық табыстар, өнегелі ғұмыр тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай. Газет таралымы көбейіп, оқырмандар саны арта берсін.

**Әңгімелескен: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА**

## ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

** 1 наурыз - Алғыс айту күні*

# БАҚЫТТЫ ОТАҒАСЫ

**Қаламызда әр түрлі өзге ұлт өкілдері шаңырақ көтеріп, тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Барлық ұлттың өзіне тән салт-дәстүрі мен мәдениеті, әдет-ғұрпы бар. Бүгінде олар отау құрып, ынтымағы жарасқан отбасы ұйытқысы қатарында. Солардың бірі түрік ұлтының өкілі Мұстафа Жанбаз бен жұбайы Баян Қабылбековалардың жанұясы. Түркістан 2017 жылы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» болғандықтан арнайы интернационалды отбасын жолықтырып, тілі басқа, тілегі бір түрік ұлтының өкілі Мұстафа Жанбазбен сұхбаттасудың сәті түсті.**



- Қазақ елінің татулығы мен береке-бірлігіне көз салып, қызықпайтын мемлекет жоқ шығар. Діні мен тілі, дәстүрі бөлек деп ешқашан шетте қалмаған әрбір ұлт өкілі қазақ жерінде бақытты өмір сүріп жатыр деп айта аламын. Біздің ұранымыз, мақсатымыз бір.

**- Отбасында қазақ салт-дәстүрлерін ұстанатын шығарсыздар?**

- Әрине, қазақ пен түрік ұлтының түбі бір. Себебі екі ұлттың да дәстүрлерінде ұқсастық көп. Салт-санамыз да ұқсайды. Үйге қонақ келсе жұбайым Баян ең бірінші қазанға ет салып, қамыр жаяды. Бауырсақ пен қымыз-қымыранды да жат көрмеймін. Маған ең алдымен ұнайтыны ұлттық ойын – көкпар. Ол ойын жігіттердің ат үстінде шапшаң қимылдауы мен тапқырлықтарын қажет етеді. Отбасымен Наурыз мерекесін ерекше атап өтеміз.

**- Жан жарыңызбен қалай таныстыңыздар?**

- Бізді табыстырған киелі білім ордасы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті. Одан соң достығымыз, бір-бірімізге деген шынайы сезіміміз. Жарым Баян араб тілі мамандығы бойынша бітірген. Өзім Түркияның Шанкары қаласынан киелі қалаға 1994 жылы келдім. Кезді ашып-жұмғанша осы жердің азаматы болып жүргеніме де 23 жыл болыпты. Баян екеуміз ортақ тіл таба білдік. Уақыт өте келе басымыз қосылып, отбасын құрдық. Екі ұлым бар. Мұхаммед пен Мұрат. Тұңғышымыз студент, кіші балам мектепке барады. Өзім түрік ұлтынан болсам да қай жерде болсын қазақ елін үлкен мақтанышпен айтып жүремін. Бүгінде өзім білім алған оқу ордасында заңгер мамандығы бойынша оқытушымын.

**- Түркістан биыл - «Түркі әлемінің мәдени астанасы» атанды. Өз пікіріңізді айта кетсеңіз?**

- Түркістан жаңадан Тәуелсіздігін алған Қазақстанның шағын ғана қаласы болатын. Міне, содан бері жоқтықты да, тоқтықты да сездіртпен қастерлі қала болды. Мен үшін орны өте ерекше, өткенімізге қарыздар болған ұлы ұстаздардың пірі Ясауи бабамыздың өмір сүрген қаласы. Бабамыз жатқан қасиетті қала Түркістанды одан әрі дамыту, бүкіл әлемге паш ету бірден-бір парызымыз. Түркістанның әрбір топырағы қымбат маған.

Иә, «ТҮРКСОЙ» ұйымының қабылдаған шешімімен Түркістан қаласының «Түркі әлемінің мәдени астанасы» болғаны үлкен жаңалық.

**Сұхбаттасқан:**
**Балдәурен ЖҰМАБЕКОВА,**
**«Түркістан» газеті**

** Блиц-сұхбаттар*

# «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ - ОТБАСЫНДА!»

**«Ұқыптылық пен жауапкершілік - маманның біліктілігін, іскерлігін көрсетеді» дейді «Медицина» факультеті «Жедел жәрдем» кафедрасының меңгерушісі Алтынай БАБАЕВА.**



**Кафедраны басқару нәзік жандылар үшін ауыр емес пе? Отбасы назардан тыс қалып қоймай ма?**

2009 жылдан бері кафедра меңгерушісі болып қызмет етіп келемін. Содан бері қаншама адамдармен қызметтес болдым. Осы аралықта келіспеушіліктен немесе жеке араздығымен жұмыстан кеткен адам болған емес. Ұжымда сыйластық алдыңғы қатарда тұрады. Көпшілікпен жұмыс істеу мен үшін жарты бақыт. Жауапкершілік пен ұқыптылықты өзімнен де, өзгеден де қатты талап етемін. Қандай тапсырма болсын жауапкершілікпен атқарғанды ұнатамын. Құжат менен кетті, анаған жетті деген адами пенделік менде болмайды. Қандай құжаттар болсын, бірінші өзім дайындаймын. Сосын кафедра мәжілісіне саламын. Кафедра мәжілісінде бекітілген үлгі біз үшін заң. Оны өзім тексеріп, қабылдап аламын. Кемшіліктер болса, түсінбеген жағдайлар кездессе, «дұрыс түсіндіре алмадым ба?» деген сұрақ көкейімде қалып қояды. Ұжым арасындағы, студенттермен қарым-қатынасын да қадағалап отырамын. Әсіресе, осыған көп көңіл бөлемін. Ай сайын кафедрада ішкі аудит жүргізіп отырамын. Ал, сырттан тексеру келсе, басы-қасында өзім жүремін. Оны басқа адамға сеніп тапсыра алмаймын.

Қазір кафедрада 21 оқытушы, 4 лаборант жұмыс істейді. Оның 20 пайызы ер азаматтар. Оларға күнделікті 8 сағат жұмыста отыру міндетті емес. Университет ректорының: «Оқытушылар сабақ уақытында міндетті түрде сабағында болсын. Сабақтан тыс уақытта ғылыми, оқу-әдістемелік жұмыстарымен айналысуына мүмкіндік беріңдер» дегенін басшылыққа аламын. Бос уақыттарын тиімді пайдалануларын қадағалаймын. Мысалы, ғылыми мақалалар жариялау, оқу құралдарын дайындау, өзара сабаққа қатысып. тәжірибе алмасу, емдеу шараларын қадағалау сияқты. Оқытушылардың барлығы да ауруханаларға түнгі кезекшілікке барады. Кім, қандай клиникалық жұмыстар жасады, қандай аурулар проблемалар туындатып жатыр? Кезекшілік барысында кездескен мәселелер сабақта талқылана ма? Осының барлығын назардан тыс қалдырмауға тырысамын. Мамандығымыз адамның денсаулығымен байланысты болғандықтан шәкірттеріміз білікті болсын деп жүргізіліп жатқан жұмыстар ғой. Ертең науқасымыз таяқ ұстап алдарына барғанда өкініп қалмаса екен деймін. Болашақ дәрігерлерді білікті маман етіп шығару басты мақсатымыз емес пе?!

Әйел болған соң отбасына да көңіл бөлуің керек. Кафедраның жұмыстарын үлгере алмай жатқан жағдайда үйге алып кетемін. Сенбі, жексенбі күндері жұмыс істеуге тура келеді. Рас, сол кездері балаларыма көңіл аздау бөлініп қалады. Әйелдің екі жұмысы бар: жалақы төленетін және төленбейтін үй жұмысы (күлді). Соның барлығын, әйелдер, үлгеруге тиіспіз. «Әйелдің қырық жаны бар» деген осыдан қалса керек.

**Көктем мерекесі қарсаңында қыздарға айтар тілегіңіз.**

Оқу орнымыздың қыздарын көктем мерекесімен құттықтаймын. Денсаулық және табыс тілеймін. Денсаулық болса, алдағы мақсат пен армандарына жетеді. Ал табыс болса, сол мақсаттардың орындалуына жол ашылады. Қазақстан азаматтарының санын көбейтіп, аруларымыз көктемдей құлпырып, гүлдей жайнап жүре берсін!

**Ә. АРТЫҚБАЕВА**

# ЖЫЛЫ ҚАБАҚ, ЫСТЫҚ ШАЙ...



**Университетіміздің №4 оқу ғимаратында жүздерінен нұр шашылған қос буфетші Райхан Бектасова мен Бибіжамал Наурызова университетімізде көптен бері қызмет етеді. Бұлар өздерінің адал қызметтерімен көптің көңілінен шығып, алғысын арқалап жүр десек, артық айтқандық болмас.**

Жұмыс істеу үшін де, сабаққа сергек қатысу үшін де алдымен қарынның тоқ болғаны жақсы. Мұны осы екі апай жақсы түсінетін іспетті. Себебі күнделікті таң қылаң бере ыстық шайларын бұрқылдатып, түрлі нан-бөлке дәмдерін жайып, күлім қағып тұрғанын байқайсың. Ғаламдардың дәлелдеуі бойынша шын ниетімен күлімдеп жүріп дайындалған ас адамға қуат береді екен. Ал, күңкілдеп, реңжіп жүріп ұсынылған тағамды жесең асқазан ауруына ұшырайсың. Осы сөздерді ғаламтордан оқығаннан бері біз асханалар мен буфеттерге кіргенде алдымен ас ұсынатын адамның көңіл-күйіне қарайтын болдық. Қазақпыз ғой, шай ішпесек басымыздың ауыратыны тағы бар. Сырқыраған шекемізді Райхан мен Бибіжамал сияқты аспазшы апайларымыз ыстық ықыластарымен жазып тұрса, одан артық не керек бізге? Асханаға кіргенде айнадай жарқырап тұрған тазалықты көресің. Сатылымдағы тағамдардың бағасы рет-ретімен жазылып қойылған. Асхана ішіндегі ұқыптылықты көргенде бір шыны аяқ шайыңды рахаттана отырып сораптайсың. Буфетші апайлар оқытушы-қызметкерлер мен студенттердің жатқа таниды. Көпшілікпен сыпайы сөйлеседі. Студенттің қалтасы жұқа ғой, кейде қиналады. Ондайда атыжөндерін дәптеріне түртіп алады да, шайларын ұсына қояды. «Ақшаң болғанда берерсің, әзірге мен төлей тұрайын» деп аналарындай қамқорси жылы сөйлесіп тұрғанын көргенде, олардың үзіліс сайын не себепті буфеттен шықпайтынын түсінгендей боласың. Жылы қабағымен көптің көңілінен шығып жүрген апайларымыз жайлы оқытушылар мен студенттердің лебіздерін де естіп жүрміз:

*Асыл Шенгун, түрік филологиясы кафедрасының меңгерушісі:* Мен бұл кісілерді 1999 жылдан бері жақсы танимын. Ыстық шай мен сыр қосқан нанды керемет дайындайды. Алдарында сататын заттары аз болса да, келген адамның жағдайын жасайды. Өте мәдениетті жауап береді. Әрқашан күлімдіп тұрады.

*Арайлым Асқарқызы, 3-курс студенті:* Біздің асханадағы Райхан апай мен Бибіжамал апайларымыз жылы шыраймен қарсы алады. Ешкімді жамандағым келмейді, бірақ, мысалы, кеше ректораттың буфетіне барғанымда «Не аласыңдар, тез айтыңдар ойлана бермей, ішіп болсаңдар шығыңдар отыра бермей!» деген сөздерді естідім, асханаға кіргеніме өкініп қалдым. Біздің апайлар олай емес, өте мейірімді жандар.

*Шынар Әбілқанқызы, 3-курс студенті:* Мен асханаға кіргенімде жылы леп сезінемін. Апайлар «үзіліс бітті ме, кешігіп қалмаңдар» деп жағдайларымызды ойлап, ескертіп отырады. Өте жақсы адамдар. Алғысым шексіз!

*Нұрлан Төлеген, 2-курс студенті:* Райхан апай психолог. Қарнының ашып тұрғанын, ақшаның жоқ екенін сезе қояды. Ақшаң жетпей тұрса жағдайыңды түсінеді. Сол кездері ауылдағы анам есіме түседі...

Жылы қабақтарымен, мейірімді жүздерімен көңілімізді тоқ етіп, бір асым ет жегендей асханадан көңілді шығаратын Райхан апай мен Бибіжамал апайды 8-наурыз - Аналар мерекесімен құттықтаймыз!

**Эльмира АРТЫҚБАЕВА.**

# «ЖАҚЫН АДАМДАРЫМНАН СЫЙЛЫҚ ЕМЕС, СЫЙЛАСТЫҚ КҮТЕМІН»

Үш қыз, бір ұлдың анасы Алмагүл Убайдуллаева университеттегі қарапайым оқытушылардың бірі. Биология кафедрасында ұзақ уақыт қызмет етіп жүрген ғалым өз студенттерінің анасындай. Аналық мейірімі, қарапайымдылығы жанарынан байқалады.



Алмагүл апай өзін қатал әже сезінеді. «Қыз баланың тәрбиесі қаталдықты қажет етеді», - дейді өзі. Жан жары Қуанышбек ағамен 41 жыл тату-тәтті ғұмыр кешіп келеді. Жанұя бақытын сыйлай білген жарын жоғары бағалайтыны байқалады. «Ерім – пірім!» деген ұстанымды қолданса керек. «Кейбір кісінің әңгімесіне қарасаң, жан жарын жамандап жатады. Әрине, кемшіліксіз адам болмайды. Десе де, мен өз жарымның кемшілігін мүлде байқамаппын. Бұл шыным», - деп езу тартады.

**Алмагүл апай, 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі сіз үшін қандай күн?**

Шыны керек, 8 наурыз мерекесі мен үшін қарапайым күндердің бірі. Ұл-қыздарым үйден жырақта. Тек Айгүлім, кенже қызым, осында магистрант. Мен үшін балаларымның үйге келген күні үлкен мереке. Бірақ, жұбайым 1-наурыз күні «алғашқы көктеміңізбен!» деп құттықтап қойған. Алтаның соңы, яғни 8 наурыз күні, тағы мерекелік жылы лебізін арнап, гүл сыйлайтыны кәміл. Балаларым бақшада тәрбиеленіп жүрген шағында, мектеп жасында қолдан жасалған дүниелерді тарту етіп жататын. Қазір барлығы ересек. Өзгеше кезқараста. Сыйлықтың түр-түрін ұсынып жүр. Мен негізі мақтау сүймеймін. Мақтанғанды онша ұнатпаймын. Мен бақытты әйелмін десе де болады.

**Мерекелік тілегіңіз?**

Барлықтарыңызды көктемнің алғашқы мерекесі - 8-наурыз халықаралық қыз-келіншектер күнімен құттықтаймын. Қыр гүліндей құлпырып жүре беріңіздер, аяулы аналар, сырлас құрбылар, ару қыздар.

**Гүлдана ҚАРАБЕКОВА**

## АҚПАРАТ АҒЫНЫ

# АРДАГЕРЛЕР БАС ҚОСТЫ

**Мәдениет орталығының кіші залында университет ардагерлерінің кезекті мәжілісі өтті. Мәжілісті ардагерлер ұйымының төрағасы, профессор Б.Нақыпов жүргізіп отырды. Жиынға 171 ардагер қатысты.**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ардагерлер ұйымының төрағасы Б.Нақыпов сөз алып, ҚР Президенті Н.Назарбаевтың жыл сайынғы халқымызға арнаған Жолдауларының маңыздылығын, биылғы 5 басым бағыттан тұратын Жолдаудың ерекшелігіне тоқталды. Алғашқы кезеңдердегідей емес, халқымыздың таңырқап қарамайтын, қарап босқа отырмайтын, салмақты құжаттың әрбір тарауындағы атқарылуға тиіс бағыттар бойынша ел көшін жылжытып, сөзден гөрі іспен жауап беретін өркениет деңгейіне жеткендігі, Елбасына халқы сенетіндігі, болашақта Қазақстанның, қазақ елінің бұдан да зор жетістікке жете беретініне сенім білдіретінін, мысалдар келтіре отырып толықтырды.

Құрылғанына 25 жыл болған университетіміздің тәуелсіздікпен құрдас бола тұра, ел дамуымен бірге жасасып, осыншалықты ұланғайыр жетістікке жетуіне, экономикасының өсіп, білім-ғылымының дамуына қосқан үлесі зор екендігін, сонымен бірге университеттегі кешегі тұлға-маман иесі, бүгінгі ардагерлердің де еңбегі ерен екеніне тоқталды.

Сонымен қатар, тарихы тереңде жатқан Түркістан қаласының «2017 жылы Түркі әлемінің рухани астанасы» болып жариялануы, ұлттар арасындағы достық пен ынтымақтастықтың арта түсуіне байланысты, ардагерлердің де үлесін, мәртебесін арттыру жайлы ойларын ортаға салды.

Университетте 2013 жылдың қараша айында құрылған «Ардагерлер ұйымында» алғашында 83 ардагер болса, бүгінде олардың саны 171-ге жеткендігін, олардың көпшілігі ғылыми атағы болғандықтан әлі де еңбектен қол үзбей жұмыс істеп, қоғам дамуына өзіндік үлестерін қосып келе жатқандығы, республикалық «Ардагерлерді ардақтайық» акциясына сәйкес, әлеуметтік, тұрмыстық жағдайларды қажет ететін университет ардагерлеріне көңіл аудару, ректорат пен кәсіподақ ұйымы тарапынан тиісті көмек берiлiп отыру мәселесіне басшылық тарапынан көңіл бөлінсе дегенді де айтып өтті.

Айтылған мәселелерге байланысты, ардагерлер Қ.Ергөбек, С.Садықов, Б.Мырзалиев, Р.Нұрланбекова, К.Кулекеев келелі ойлары мен өзіндік пікірлерін білдірді. Ұйым мүшелерінің санының артуына байланысты, кеңес мүшелерін көбейтті. Университеттің ішкі сыртқы мәселелеріне қатысты, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратындай» ұйымшылдық танытатындарын, «зиялы қауымға арналған пантеон» айналасының таза, көгалданған күйге енуіне өз үлестерін қосуға дайын екендіктерін білдірді.

Жиын соңынан ардагерлер қауымы ұйымдасқан түрде ескерткіш-суретке түсті.

**Б. ОСПАНОВА.**

# АУҒАН АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

**15 ақпан күні Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 28 жыл толуына орай қала әкімдігінің ұйымдастыруымен «Жеңіс» саябағында Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етіп, мемориалдық ескерткіш жанына гүл шоқтары қойылды. Бұл іс-шараның жалғасы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде өтті.**

1979 жылдың 25 желтоқсаны мен 1989 жылдың 15 ақпаны аралығында болып өткен Ауған соғысына КСРО аумағынан 620 мыңнан астам жауынгер мен офицер қатысты. Осы соғыста Кеңес Одағынан 15051 адам оққа ұшып, 12 мыңнан астам әртүрлі әскери техникалар жойылып кетті. Ал Ауған соғысына қатысқан қазақстандықтардың саны – 220269 жауынгер болды. Соғыс даласында Қазақстан 924 боздағынан айрылды. Жар құшып, бала сүйіп үлгермеген 1015 жас елге мүгедек болып оралса, 21 солдат іс - түзсіз кетті. Бұл соғыс «Интернационалдық борышымызды» орындау –деп аталды. 15 ақпан - сол кездегі елге ағылған темір табыттардың тоқтаған күні. Бұл күн - жанары жасқа толы жесірлер мен жетімдердің, қара жамылған ауылы аналарымыздың перзенттерін жоқтаған күні! Бақи болған қаһарман бауырларымызды қатардан іздеген күн -деп қастерлейміз.

Ауған соғысының 110 айға созылған қанды қырғынынан аман - есен оралғанымен, жандары жаралы 18360 қазақстандық ардагер ортамызда жүр. Солардың қатарында құрметті ардагер ұстаздарымыз, медицина факультетінің «Адам морфологиясы мен физиологиясы» кафедрасының профессорлары Ибрагим Ишигов пен Сайдулла Жұмашев бар. Ардагерлермен арнайы кездесу барысында мен кәсіподақ ұйымының төрағасы А.Кенжалиев, медицина факультетінің деканы М. Жүнісовтер ұжым алдында құттықтау лебіздерімізді жеткіздік. Кәсіподақ атынан Ауған соғысы ардагерлеріне сый-сияпаттар көрсетіліп, іс-шара соңында «Жалпы хирургия» кафедрасының оқытушысы, ардагер ұстаз Бақтылы Дүйсембаева ардагер ағалар мен жиналған жұртқа ризашылығын білдірді.

Ұйымдастырылған іс-шараның студент жастарға, келешек ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беруде қосар үлесінің барлығына сеніммен қарап тарқастық.

**Балғабай НАҚЫПОВ,**
**университет ардагерлер ұйымының төрағасы**

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ЖОО қауымдастығы үздік ғылыми басылымдарға монографиялар мен кітаптарға республикалық байқау жариялаған болатын.

Тәуелсіздік жылдарында жарық көрген оқытушы-профессорлардың «үздік монография», «үздік кітап», «үздік ғылыми мақала» номинациялары бойынша үздік еңбектер анықталып, байқау қорытындысы шықты. Жоғарыда көрсетілген номинацияларға толық жауап беретін университетіміздің профессоры, журналист-ғалым Сейдулла Садықов үздіктер қатарынан көрініп, байқау жеңімпазы атанды.

Біз әріптесімізді шығармашылық жеңісімен құттықтай отырып, алдағы уақытта да биіктерден көріне беруіне тілектестігімізді білдереміз.

**Қоғаммен байланыс бөлімі**

# СУРЕТТЕРГЕ ЖАН БЕРГЕН...

**«Бейнелеу өнері» кафедрасы 2004 жылы ашылған. Қазіргі таңда кафедрада 2 ғылым докторы 3 профессор, 7 ғылым кандидаты және 4 аға оқытушылар мен 10 магистр оқытушылар қызмет етеді.Студенттеріміз 2012 жылдан бастап Мәулана академиялық ауысу бағдарламасы бойынша Түркия мемлекетінің Гази, Хажетеппе және Акдениз университеттерінде бір семестр көлемінде білім алуда.**

2009-2010 оқу жылында Мәскеу қаласында өткен «Этно-эрато» атты Халықаралық жоғарғы ұлттық костюм сән байқауында («Оazis»)-сән коллекциясы, «Тұран» - сән коллекциясы бас жүлде алып «Ника» және «Кәсіби шеберлігі үшін» дипломдармен студент М.Сейсенбекова және жетекшісі М.Езиева марапатталды. Шымкент қаласында өткен «Біздің авангард» атты Халықаралық жоғарғы сән байқауында дизайн мамандығының студенттері және жетекшісі М.Езиева «Эксклюзив» номинациясы бойынша 1-орын дипломымен және сертификатпен марапатталды.

2010 жылдың қараша айында Облыстық жоғары сән өнер байқауы «Біздің авангард» атты өнер жарысында 5В042100-Дизайн мамандығының студенттері және оқытушы Ү.Нұрланованың жетекшілігімен «Дала бақсысы» тақырыбында киім үлгісін көрсетіп 1- орынға ие болды. Облыстық жоғары сән өнер байқауы «Біздің авангард» атты байқауға оқытушы Л.Ибрагимова «Шафрановый мираж» тақырыбында киім үлгісін көрсетіп I – орынға ие болды.

2011 жылғы қараша айының 2-5 жұлдызында Қазақстанның жоғары Архитектура білімінің 50 жылдығына арналған Алматы қаласындағы «Қазақ мемлекеттік сәулет және құрылыс академиясында» өткен «Архитектура құрылыс және дизайнның Евразия мектебі» және «Алматы аймағында «DEGREE PROFESSION» атты ІІ- халықаралық фестиваліне 5В042100-Дизайн мамандығының студенттері Фатима Мейірбекова, Зухра Мейірбекова, ғылыми жетекшісі: магистр-оқытушы Ұлмира Нұрланқызы «Сапфир» сән үлгісі және 120-80 көлемінде планшетте салынған суреттерді көрмеге қойып 3-орынды иеленіп сертификаттармен марапатталды.

Осы жылдың қараша айында суретші педагог, ҚР суретшілер Одағының мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері С.Жорабековпен студенттерінің кездесу кеші ұйымдастырылды. Суретші осы тақырыпта 100-ден астам кескіндемелік шығарма жазған. Суретші көрмелері Астана, Алматы, Шымкент қалаларында өткізген.

Қазақстан Республикасының 25 жылдығы қарсаңында «Тарихи-мәдени-этнографиялық орталығымен» бірлесіп ұйымдастырылған «XXI ғасыр көшбасшысы» атты интелектуалдық конкурс аясында «Жас қылқалам және қолөнер шебері» атты көрме ұйымдастырылды.

2016 жылы Түркістан қала күні және Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Түркістан қалалық балалар қолөнер мектебінің көрме залында «Ұлы даланың топырағын ұлықтайық» атты шығармашылық жұмыстарының көрмесіне «Бейнелеу өнері» кафедрасы студенттерінің шығармашылық туындылары қойылды. Ұлы даланың батырлары ерліктері мен сол кездегі тарихи оқиғалар, қазақ тарихы мен дәстүрлерін бейнеленген көріністер мен Түркістан қаласының тарихи көріністері, жүннен жасалған, түкті кілем, қылқалам шеберлерінің, майлы бояумен, тоқыма жіптерден жасалынған шығармашылық туындылары көрмеге қойылды

2016 жылдың қараша айында «Тұңғыш президентіміз» атты әдеби кеш ұйымдастырылды. Әдеби кешке 1-курс студенттері мен топ жетекшілері қатысып «Тарихи-мәдени этнографиялық» музейде өткізілді. Тұңғыш Президенттің өмірбаяны мен Қазақстан жеткен жетістіктерімен патриоттың әндер шырқалып слайттар мен роликтер көрсетіп көп ұлттық ынтымағын көрсететін отырып испан биі, грузин биін билеп үнді билерімен қойылымдар қойып әр ұлттың киімдерін киіп дифеле көрсетілді. 2016 жылдың желтоқсан айында Түркістан қаласының Этномузейінде «ҚР Тәуелсіздік күні» атты плакаттар көрмесі өтті. Көрмеде «Бейнелеу өнері» кафедрасының студенттері қатысып белсенділік танытты. 2016 жылы 16-наурыз күні Ахмет Ясауи университеті, Өнер факультетінің №8 оку ғимаратында ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және ХҚТУ-нің құрылғанына 25 жыл толуына орай Бейнелеу өнері мамандықтары бойынша мектеп бітіруші оқушылар арасында V-ші Аймақтық пән олимпиадасы өтті.

Өнер факультеті, «Бейнелеу өнері» кафедрасының ұйымдастыруымен жалпы орта білім беру мектептерін бітіруші түлектер арасында өткен шығармашылық өнер сайысына Кентау, Түркістан және көрші аудандардан 40-қа жуық 11-сынып оқушылары мен колледждердің бітіруші студенттері қатысты. Пәндік олимпиада «Бейнелеу өнері және сызу», «Дизайн», «Сән өнері» мамандықтары бойынша өтті.

Олимпиаданың екінші кезеңі екі турдан өткізілді. 1-турда олимпиадаға қатысушылардың шығармашылық үй жұмыстары қабылданды. Сарaптауға жіберіліп, арнаулы комиссия мүшелерінің алдында қаралды. 2-турда оқушылар комиссия тарапынан берілген практикалық тапсырма бойынша шығармашылық жұмыстар орындады.

Университеттің ректорат фойесінде «Өнер» факультеті студентінің ҚР Тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған «Сұлулығым – салған суретім» атты жеке шығармашылық көрмесі қойылды.«5В010700-Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 4-курс студенті Мафтуна Бабатаеваның бұл еңбегі «Бейнелеу өнері» кафедрасы бойынша алғашқы жеке шығармашылық көрме болды.

Көрмеде пейзаж және натюрморт жанрында салынған Тәуелсіздік жылымен бірдей 25 көркем туынды қойылды.

Талантты жас суретші көптеген облыстық, республикалық пленерлік жұмыстарға қатысқан. Сондай-ақ, университеттің «Дарын-2016» фестивалінің «Суретшілер» сайысында 1-ші орынды иеленген.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұсынып отырған «Ұлы Дала тарихы» сурет көрмесі тамыз айнда Астана қаласында өтті. Оған 40 қылқалам туындысын біріктірген «Ұлы Даланың ұлы тұлғалары» және «Ұлы Даланың Ұлы оқиғалары мен құбылыстары» деген екі бөлімнен тұрады.

Көрменің басты мақсаты Ұлы Дала Елі – Қазақстан Республикасының жеті мың жылдық тарихын суретпен сөйлету болғандықтан көрмеге ел тарихында өшпес орны бар тарихи тұлғалар мен Қазақ елінің мақтанына айналған оқиғалар мен құбылыстардың бейнелі тарихы топтастырылды.Көрмеге ұсынылған суреттердің тақырыбы мұқият таңдалып, мамандардың ғылыми және көркемдік сараптамасынан өтті.

Біздің заманымызға дейінгі бес мың жыл бұрынғы Ботай мәдениетінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы ұлттық тарих пен мәдениеттің артефактісіне айналған мәдени-рухани және материалдық ескерткіштер елдің игілігіне айналып, дәстүрлі мәдениеттің өзегін құрап отыр. «Ботай елді мекені», «Қазақ даласындағы аң аулау өнерінен көрініс», «Сақ басшысы – Алтын адамды жерлеу рәсімі», «Отырар моншасы», «Тайқазан», «Отырар кітапханасы», «Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылысы» тағы да басқа суреттер тарихи оқиғалар мен құбылыстарды сурет тілімен көркемдік бейнеде қабылдауға қызмет етеді. Көрме идеясының авторы: У.Әбдібеков. Көркем сурет авторлары: О.Бабажанов, М.Шаханбаев, Е.Мамбетаев, С.Алтышев, М.Абилдаев. Ғылыми кеңесшілері: Т.Раимбердиев, Қ.Ералин, М.Қожа, Х.Тұрсын, Е.Төлегенов, Л.Динашова, Г.Жораева, Б.Абусейітов

Ұлы дала тарихы мен мәдениеті Елбасымыздың сөзімен айтқанда «ел байлығы, жер байлығы, ер байлығынан» құралатындығын ескеріп, Мәңгілік Елдің тұғырын бекемдеуге қызмет жасаған тарихи тұлғаларымыз – даланың дана билеушілері, батагөй билері мен ержүрек батырлары, олардың тікелей араласуымен іске асқан тарихи оқиғалар да сурет көрмесінің желісін құрайды.

Бейнелеу өнерінің студенттері болашағынан үміт күттіретін жастар. Кафедраның суретші-педагогтар ағартушылар қызметтен шығармашылық қатар алып жүрген шеберлер.

**Ұлмира НҰРЛАНОВА,**
